

## *Прайм-тайм*

Бүгінгі күні кітапханашыға қойылатын талап ерекше. Ол біздің оқырмандар сұраныстарына сай, жаңалықты үйренуге құштар маман. Біз сіздерді кітапханалық **прайм-тайммен** таныстырамыз.

**Прайм-тайм** (ағылш. *prime-time* — ең ыңғайлы, үздік уақыт) — теледидар тамашалау және радио тыңдау бойынша тәулік аралығындағы ең белсенді уақыт сағаттары. Бұл уақыт кезінде эфирге рейтингі жоғары бағдарламалар қойылады, ал жарнама орналастыру қымбатырақ тұрады. Қазақстанда теледидарлық прайм-тайм уақыты жұмыс күндері көбінесе 19:00 - 23:00 сағат мезгіліне келсе, демалыс күндері 15:00 - 01:00 болады.

Сондай-ақ кинотеатрлардың да өзіндік прайм-тайм сағаттары болады. Бұл уақыт аралығы кино көрсетілімдеріне келетін көрермендердің көпшілігімен ерекшеленеді.

Кітапханада жұмыстың бұл түрі оқырмандарды тарту мақсатында қолданылады. Прайм-таймда кітапханаға балалар мен қонақтарды көптеп жинауды қажет етеді. Бұл уақытты неғұрлым қызықты мәдени бағдарламамен қамтамасыз ету керек. Мысалы, шараны акциямен бастау. Содан кейін флеш-моб, бейнесалон, кітапханалық маршруттар пазлын бірінен кейін бірін ұйымдастыру. Күн барысында жаңа көркем әдебиеттерге шолу өткізіледі және кітапхана қорымен таныстырылады. Келушілерге кітапхана қызметі және жаңа кітаптар туралы жарнама ұсынылады. Шара бағдарламасы қатысушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып жан-жақты және жекеше түрде құрылады.

Электронды мекенжайы: <http://kulturakubani.ru/presscentr/novosti/bibliotechnij-prajm-tajm-totaljni bibliopriv>